

**Түркістан облысының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорын Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
туралы талдамалық анықтама**

Шымкент қаласы

28. 06. 2024 жыл

Кіріспе бөлім:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ішкі талдау) жүргіуге негізде:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.02.№21 бұйрығы;

«Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылдың 9 маусымындағы №122 н/қ бұйрығы;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

Аймаханбетова Д.А. – бөлімше менгерушісі;

Нурметова М.А. – кадр бөлімінің басшысы;

Махан Б. – комплаенс офицері;

3. Ишкі талдау жүргізу мерзімі:

2024 жылдың 17 мамыр 28 маусым аралығы;

4. Ишкі талдау қамтылған кезең:

2023 жыл және 28.06.2024 жыл;

5. Ишкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады;

Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары:

Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сактау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсету болып табылады. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Кәсіпорын медициналық және дәрігерлік қызметке берілген мемлекеттік лицензияға сәйкес қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:

Кәсіпорында шығарылған бұйрық,хаттама,анықтама,акт,хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес үйымдарда құжаттама жасау,құжаттаманы басқару жіне электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандығы №703 қаулысының талаптары сақталған.

Кәсіпорын басшысымен 2023 жылы - 986 бұйрық, 2024 жылдың 6 айында 430 бұйрық шығарылған.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:

2023 жылдың 6 айында –қабылданған - 78 ,босатылған – 67, көтермеленген – 0, ауыстырылған -0 , төмендетілген – 0; тәртіптік жаза алғандар – 26 қызметкер;

2024 жылдың 6 айында –қабылданған – 23 ,босатылған – 10, төмендетілген – 0; көтермеленген – 1, ауыстырылған -10; тәртіптік жаза алғандар – 12 қызметкер;

Кәсіпорында бос орындар электрондық еңбек биржасында жарияланады. Қызметкерлердің материалдық мүддесін,жақын туыстарының,жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты, Кәсіпорындарда шешім қабылдау кезінде жеке және занды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету,сондай ақ жеке тұлғалардан ақша,қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша, Кәсіпорындағы мұліктерді пайдалаға отырып,заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру бойынша Кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысына жол беретін заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Облыстық психикалық денсаулық орталығы денсаулық сақтау саласында сыйайлас жемқорлықтың себебтері мен жағдайларын алдын алу басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Облыстық психикалық денсаулық орталығы толығымен компьютерлік техникамен қамтылған. Кәсіпорында 110 бейнебақылау камералары орнатылып жұмыс істеп тұр.

Кәсіпорында төмендегі бағдарламалар орнатылған:

1.Kerio Contral – интернетті басқаруға арналған сервер

2. 1C – бухгалтерлік есеп

3. SOS – медициналық жүйесі – төтенше және шұғыл жағдайларда медициналық персоналды үйлестіруге арналған үздіксіз байланыс жүйесі

4.Damumed - медициналық ақпараттық жүйе – дәрігердің қабылдауына жазылу, дәрігерді үйге шақыру және медициналық құжаттарды қарau үшін медициналық қызметке жылдам қол жеткізу.

5. ICCard – қызметкерлердің жұмысқа келіп кетуін тіркеу

6.erpb.eisz.kz - психикалық науқастарды тіркеу.

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілгенде қолданылған ақпарат көздері:

- талдау обьектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;
- талдау обьектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;
- талдау обьектісіне қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- жеке және заңды тұлғалардың талдау обьектісіне қатысты өтініштері; - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін талдау обьектісінің қызметкерлерін анықтау және жауапкершілікке тарту туралы мәліметтер;
- талдау обьектісінің қызметшілеріне, қызметкерлеріне сауалнама (сұхбат) нәтижелері;

Функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындау индикаторлары сакталған: Атап айтқанда құқықтық актінің немесе ішкі құжаттың мазмұнынан шешім қабылдауға жауапты лауазымды қызметкерлер анықталған; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына жол бермеуге мүмкіндік беретін шектеулер мен тыйымдар бар (мысалға, шешім қабылдауды басқа лауазымды адамға беруге, белгілі болған мәліметтерді жария етуге және т. б. тыйым салу); лауазымдық міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін дербес

жауаптылықтың белгіленген; лауазымды адамдардың міндеттемелері мен өкілеттіктерін орындауды бақылау рәсімі айқындалған.

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мынадай мәселелерді қамтиды:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау;
- 2) мұдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Персоналды басқару бағыты бойынша сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- 1) лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері реттелген;
- 2) біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдар жұмысқа қабылданбаған;
- 3) бос жұмыс орнының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, толық жазылған;
- 4) талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелебулар туралы ақпараттың ашықтығы айқындалды;

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- 1) бюджетті бекітетін немесе қаржы қаражатын игеру бойынша шешім қабылдайтын алқалы орган бар;
- 2) алқалы органның қызметін регламенттейтін құжаттың, оның ішінде мұдделер қақтығысын реттеу жөніндегі ережелердің, алқалы орган мүшелерінің дербес жауапкершілігі қаралған;
- 3) есептілік түрлерінің, бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдеріне ішкі және сыртқы бақылаулар бар;
- 4) бюджет және қаржы қаражатын игеру бойынша есептілік бар;
- 5) бюджет және қаржы қаражатын жұмсаудың ашықтығы, оның ішінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 6-бабы 9-тармағы сақталған; 6) сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келеді;
- 7) тауар бірлігіне белгіленген бағалардың негізі бар (прайс листер);

- 8) мемлекеттік сатып алу жоспары мемлекеттік сатып алу порталында уақтылы орналастырылған;
- 9) жабдықтаушының тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақтылы және сапалы орындалуы бақылануда;
- 10) жеткізу шартының талаптарын тиісінше орынданаған жабдықтаушыларға қатысты шаралар уақтылы және толықтай қабылданады;
- 11) шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда санкциялар қолданып сотқа беріліп отыр;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында:

- құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар кіретін комплаенс офицер қызметкері бар;
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясат, мінез-құлық Кодексі кәсіпорын басшысымен бекітілген;
- обьектінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру іс-шаралары кәсіпорын басшысымен бекітілген кестеге сәйкес бөлімшелер арасында жүргізіліп отыр;
- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, талдау обьектінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қолданыстағы талаптары туралы білімдерін тексеру жөніндегі іс-шаралар ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айларында жүргізу кәсіпорын басшысымен бекітілген;
- талдау обьектің жұмыскерлерінің мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген тұлғалар болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған;
- талдау обьектің жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері анықталған жоқ;
- жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау тәсілдері мен арналарының (оның ішінде анонимді) болуы үшін әр бөлімшелерде жәшіктер орнатылған;
- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды зансыз жазалаудан, жұмыстан шығарудан немесе қысым көрсетудің өзге де шараларынан қорғаудың құқықтық тетіктері хабарланып айтылған;

Қызметтің ашықтығы мен жариялышының қамтамасыз ету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- а) қоғамдық мұддені білдіретін объектінің қызметі туралы ақпаратты: сатып алу жоспарларын, бюджет және қаржы қаражатын игеруді, бақылау іс-шараларын өткізу жоспарлары, жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жөніндегі функцияларды реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды толық және уақтылы жариялау кәсіпорынның ресми сайтында және фейсбук парақшаларында жүргізіліп отыр;
- б) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заның және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 бұйрығының талаптары сакталған. Бюджет қаражатын игеру және бөлу барысында сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Демеушілер тарапынан ақшалай немесе заттай көмектер қабылданбаған. Жеке және занды тұлғалармен келісім шарттар тек мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған. Кәсіпорынның әлеуметтік желілердегі парақшалары 2020 жылы ашылған (Instagram, Facebook).

Кәсіпорын басшылығымен қызметкерлердің сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың шаралары мыналар болып табылады:

- құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау кезінде мұқият болу, оларға сыйайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін одан әрі нақтылау;
- объектінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуді одан әрі күшайту;
- әкімшілік ресімдерді онтайландыру және автоматтандыру;
- рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде талдау объектісінің лауазымды адамдарының жеке және занды тұлғалармен жеке байланысын болдырмау, штат санын онтайландыру, артық басқару бөліктерін жою, әкімшілік шығындарды қысқарту мақсатында жұмыстарды одан әрі де жандандыру;

Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобы төмендегі кемшіліктерді анықтады:

1. Кәсіпорынның Е-өтініштерді тіркеу бойынша жауапты тұлға тарапынан «Жолданымдарды, хабарламаларды, сұрау салуларды, пікірлерді, ұсынымдарды қарау туралы» №1 ТӨ нысанды есебінде

деректерді дұрыс толтырмағаны яғни орыс тілінде келген арызға мемлекеттік тілде деректемелер толтырылып көрсеткендігі анықталды. Ал, Адам құқықтары жөніндегі үәкілдің 2023 жылғы 20қантардағы №3 «Шағымдарды қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 24-тармағында шағымға жауап өтініш берілген тілде берілетіндігі көрсетілген.

2. Бұдан бөлек, кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу қызметтерін бақылау барысында, сыйбайлас жемқорлық тәуекелін тудыратын, атап айтқанда «Баға ұсыныстарына сұраным» қорытындылары негізінде, 15.04.2024 жылғы электрондық түрдегі шарт бойынша «Персоналды медициналық тексеріп қарау бойынша қызметтер, соның ішінде, алдын ала, мерзімді және кезектен тыс (жоспардан тыс) тексеріп қараулар» қызметтерді орындау ретінде мемлекеттік сатып алу жеңімпазы, бүгінгі таңға дейін орындаған.

Ал, қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 тоқсандағы №434 ҚРЗ санды Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 4-бап 3- тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттерін орындаған немесе тиісті түрде орындаған өнім берушілерді яғни мемлекеттік сатып алу туралы заннамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүргінуге міндетті делінген.

Бөлімше менгерушісі
Кадр бөлімінің басшысы
Комплаенс офицері

Анықтамамен таныстым:



Аймаханбетова Да.А.
Нурметова М.А.
Махан Б.

А.Салимбеков